

бағдарламасын жазды. [2].

Қазақ халқының арасынан табиғи дарынды жоғарғы білімді, ұлт болашағы үшін аянбай еңбек етіп, күрескен ұлт жандылардың бірі Ә.Бөкейхан болды. Ғылыми зерттеушілікке, жер мәселесіне, қоғамдық саяси қызметінің бір қыры ретінде кеңестік оқу-ағарту саласына (білім беру мәселесіне) белсене қатысқан.

Көптеген еңбектерде, Әлихан өз заманының аса білімді де білгір, парасатты, терең ойлы, ірі қайраткері болған. Темір құрсау салынған біздің еліміздегі емес, шетел ғалымдары мен тарихшылары Әлихан Бөкейханның қайраткерлік және шығармашылық қызметін ертеден-ақ жан-жақты зерттеп, оны Шығыстың шын мәнісіндегі ұлы тұлғасы деп танып баға берген. Кейін мәлім болып отырғандай, өткен ғасырдың 80-ші жылдары жарық көрген Америка тарихшысы Марта Олкоттың «Басмашылар немесе Түркістандағы 1918-24 жылдардағы азаматтық көтеріліс» және «Қазақтар» деп аталатын еңбектерінде Әлихан Бөкейханның 1917-1926 жылдар арасындағы қайраткерлік қызметіне лайықты баға берілген екен. Автор өз еңбегінде большевиктер тарапынан жасалған қанды қырғын, қатал жазалау, бәрінен бұрын қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен алаш көсемдеріне қарсы бағытталғанын анықтап, ашық көрсетеді.

Алаш көсемдерімен бірігіп Әлихан Бөкейхан да қалың қазақты оятты. Оянған қазақпен бірге саяси азаттыққа жетуді арман етті. Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылдары екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлихан Бөкейханның зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Ақырында саяси күрестен баяғыда бас тартып, тек ғылыми жұмыспен айналысқанына қарамастан сталиндік билік оны 1937 жылы тағы да тұтқынға алып, 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесті. Сөйтіп, қазақтың ХХ ғасырдағы көрнекті қайраткері Әлихан Бөкейхан көзі тірі кезінде патша түрмесін де, большевик-коммунистердің де түрме-қапасын көріп, екі үстемдік-отаршылдықтың зардабын тартты. Ақыры сол жендеттердің қолынан мерт болды.

Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының ғасыр ширегіндегі ұлы жетекші-көсемі Әлихан Бөкейхан өз елі үшін аянбай сол кезеңдегі қазаққа да еркін ойдың, ұлттық сананың оянуына зор ықпал етіп, ел шежіресінде елеулі із қалдырды.

Халқының жанашыры, ел көсемі Әлихан жас кезінен-ақ халықтық мәселелерді, ел болашағын түптеп ойлап, түбірлей қам жеген. Әлекеңнің осы қасиеттері әлем классикасының алтын қорына қосылған «Абай жолы» романында да шынайы сипатталған. [3].

Алаш көсемдерінің түпкі стратегиялық мақсаттары – қазақ елінің дербестігі, тәуелсіздігі екені ақиқат. Сөйтсе де, олар бұл мақсатқа революциялық қантөгіс пен өзара қырқыс жолымен емес, эволюциялық жолмен жетуді ойластырды. (Бұл тұрғыдан алғанда Алаш көсемдері үкіметті күшпен, қантөгіспен басып алып, артын ағасы інісін, баласы әкесін өлтірген азамат соғысына айналдырып жіберген Ресей большевиктерінен гөрі терең де зерделі, өз халқына жаны ашитын жанашыр, көреген қайраткерлер болғаны анық.

Алаш арыстары жалпы адамзат мұратына қызмет етті, өз елінің игілігі үшін жандарын пидакылды.

Асылдардың асылы өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпай батырлықпен тек халық мүддесі үшін күрескен Әлихан Бөкейхан -біздің ұлттық мақтанышымыз.

Ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер халық жадында мәңгі сақталар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өзбекұлы С. Барлыбек Сырттанов /қазақ тарихи, 1996, № 5
2. Н.А.Бейсенбекова, З.Ф.Сақтағанова, Л.Қ.Шотбақова, Қ.С.Өскембаева, Ю.В.Баер. Сарыарқаның ұлы азаматтары. Қарағанды 2008.
3. Рымғали Нургали. Алашординцы. Алматы 2004.

ҮНДЕСТІК

*Жұмағұлов А.Б., ф.ғ.к, доцент,
Абдиганнар А., студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әдебиет қашаннан да тәрбие құралы. Әдебиет деген атаудың өзі айтып тұрғандай адамзат баласын әдеп пен ізгілікке, имандылық пен адамгершілікке үндейтін көркем туындылар жинағы. Ежелгі Ислам дәуіріндегі әдебиет өкілдерінің шығармашылығы дидактикаға негізделген. Бұндағы басты мақсат адамзатты Ислам мәдениетінің құндылықтары арқылы жақсылыққа шақыру еді. Ахмет Үйгінекидің «Ақырзаман» туындысында адам баласының бойындағы жаман мінез құлықтар мен ауыр күнәлардың салдарынан Алла тағаланың зардабы келетінін ескертіп, өзі өмір сүріп отырған органы жат қылықтардан арылып, ізгі амалдар жасауға шақырады. Кейінгілерге де осыны үлгі етеді. XIX ғасырда өмір сүрген Дулат Бабатайұлының «Өсиетнамасында» да жоғарыда айтқандай қазақ даласындағы жат қылықтардың ел мен жердің бұзылуына әкелетінін, ондай жат қылықтардан аулақ болу керектігін ескертіп, туған халқына ізгілікке жетелейтін өсиеттер қалдырған болатын.

Қиямет қайым - діни сенім бойынша жер бетіндегі тіршіліктің күлталан болып күйреуі, құруы.[1,504].

Қиямет - сөздікте «түрегелу, тік тұру, аяғынан тік тұру»,-деген мағыналарға келетін қиямет термин ретінде «күллі ғаламдағы тәртіптің бұзылуы, барлық нәрсенің быт-шыт болып, астан-кестені шығып жойылуы, жойылған және өлген нәрселердің қайтадан жаратылып, тірілтіліп, аяғынан тік тұрғызылуы, сонан соң махшар майданына қарай бет алуы» деген мағынада келеді. Басқаша айтар болсақ, қиямет жалпылай өлімнен кейінгі жалпылай тірілу деген сөз. [2,234].

Ақырзаман, заманақыр - адам баласының және бүкіл әлемнің ең соңғы тағдыры туралы ерте замандардан бері қалыптасқан түсінік. Әділдік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың, жарық пен түнектің көрінбейтін, жасырын күресінен бастау алады. Жер бетінде имансыздық пен зұлымдық ниеттің басым күш алуы Ақырзаманды, яғни адамзат ұрпағының түгелдей апатқа ұшырау сәтін жақындатады-мыс. Қиямет күні – ислам бойынша Ақырзаман дегенді білдіреді. Ақырет Күні – адамдардың сый немесе жаза алу үшін және есепке тартылу үшін қайта тірілетін күн. Оның бұлай аталу себебі, өйткені одан кейін күн жоқ, ол – ақырғы күн. Яғни жәннаттықтар – өз мекеніне, тозақтықтар өз мекеніне қоныстанатын күн деген сөз.

Құран Кәрімде қияметтің болатындығын шәк-шүбе келтірмей-ақ сену керектігін баяндаған және қияметке байланысты жағдайларды ашықтайтын көптеген аяттар бар. [2,235].

Құран Кәрімде қиямет күні «сағат», «уақыт», (қайткенде де іске асатын уақиға), «әт-тәммәтүл кубра(ең үлкен бәле мен бәлекет), хаққа (шын болған)», «ғашия(бар үрей күшімен адамдарды қоршап алатын)», «қариа»(есікті қағатын шындық)» сынды атаулармен тілге тиек етілген.

Қиямет күні әлі үрей мен қорқынышты оқиғалар іске аспай тұрып барлық мұсылмандардың жаны алынады. Содан соң қияметтің қорқынышты көріністері іске асып, кәпірлер мен жамандар сол бәлекетке душар болады.

Қияметтің қашан болатынын тек Аллаһ ғана біледі. Бұл туралы Хазіреті Пайғамбар да, оған уахиды жеткізген Жәбірейіл де, уақыт-сағаты келгенде Сурды үрлеуге міндетті Исрафил де мұны білмейді. Аллаһ Тағала қияметтің болатын уақытын тек Өзі ғана білетіндігін көптеген аяттарда білдірген:

«Расында қиямет күннің мәліметі Аллаһтың дәрғаһында» [3. Лұқман, 31/34.]

«(Ей,Мұхаммед!) Олар сенен қияметтің қашан болатынын сұрайды. (Сен оларға:) «Оның қашан болатынын Раббымның өзі ғана біледі. Ол оны қаралы кезінде болдырады. Қиямет – жер мен көкке (ондағы мақұлықта) ауыр уақиға. Ол сендерге кенеттен келеді» деп айт. Олар сенен сұрайды, сен оны анық білмейтіндей-ақ. «Оны тек Аллаһ біледі, бірақ адамдардың көбі (Аллаһтың білетінін) білмейді» де!» [3. А'раф, 7/187.].

Мұсылман үшін маңыздысы қияметтің қашан болатынын білу емес, ол іске асқанда бастайтын мәңгілік өмірге тиісінше дайындалу. Қияметтің қашан болатынын білу мүмкін емес. Бірақ Хазірет Пайғамбар кейбір хадистерінде оның жақындағанының белгісі ретінде істердің хабарын берген. Дәл осындай Пайғамбар (с.ғ.с.), хадистеріндегі белгілерді біз Йассауидің ақындық мектебінің ең көрнекті

өкілінің бірі, XII ғасырда өмір сүрген гуманистік бағыттағы ой түрлерін ислам діні қағидалары тұрғысынан түсіндіруге әрекет жасаған Сүлеймен Бақырғанидың шығармашылығы мен XIX ғасырда туған елінің тарихын жырлап өткен қайталанбас ақын Дулат Бабатайұлы шығармаларының үндестігінен көреміз.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде қияметтің Кіші және Үлкен белгілері жайлы хабарлар берілген. Хадисте Кіші белгілерінің біріншісінде «ғылым-білім азайып, надандық етек жаяды», - делінсе, XII ғасырда өмір сүрген Сүлеймен Бақырғанидың еңбегінде Ақырзаман болғанда білімсіздік, ғылым сүйер ғалымдардың болмауы надандықтың етек жайып бара жатқандығы жырланады. Сүлеймен Бақырғани Ақырзаманның бірінші белгісі жайында былай деп жырлайды:

Заман ақыр болды көргін достар,
Ғалымдар ғылымын сатар болды,
Қай үйде ұлы-қызы болса ғалым,
Жаға ұстап сыртқа атар болды.[4,110].

Енді бірде:

«Алла» деп Хақ жадын айтпағандар,
Ғалымдар ғылымын есітіп жалған дегей,
Басына ажал оғын келмес дегей,
Одан артық тағы ғажап кереметтері бар.[4,402].

Сүлеймен Бақырғани адамдардың надан болып бара жатқанын, ғалымдардың сөзін мүлдем тындамайтыны жайлы мына бір жолдарда дәлелдей түседі.

Надан тобыр ғалым сөзін еш тындамас,
Ессіз надан өз деңгейін еш аңдамас,
Ғалымдарды тобырға Алла еш тындамас,
Бір ғалым жүз мың тобырға жетер, достар.[4,81].

Сүлеймен Бақырғани жырларындағы заманның құбылып, әбесті қылықтардың белең алып, ортаның азуына байланысты ой-толғамдары XIX ғасырда өмір сүрген Дулат Бабатайұлының шығармашылығында үндестіктік тапқан. Дулат ақын:

Ұяты жоқ адамға,
Ақылы жоқ наданға,
Шынын айтсаң иланбас.
Өтірік сөзді шын көріп,
Біліп сөйлей білмейді,
Өнері жоқ болған соң.[5,23].

Дулат ақынның надандық жөніндегі өлең жолдарынан бір мысал келтірсек:

Ақырзаман кезінде,
Бейпіл кетіп пендеден,
Бай дәмәтер пақырдан.
Бұл заманда тентек көп,
Дінін жұтқан мақұлдап. [5, 138].

Барлық адам баласы жаратылысында бірдей болып тұмайды. Оның бірі - дана, көреген, адал өмір сүрсе, енді біреулер - надан, теріс жолда өмір сүреді. Бұл жөнінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде қияметтің Кіші екінші белгісі ретінде хабарлайды. Хадисте: «Арақ-шарап ішу және ойнастық жасау әшкере жасалатын іс болады», - делінген. [2,237].

Бұл белгі жөнінде Сүлеймен Бақырғани «Ақырзаманында» былай деп айтып кеткен:

Заман ақыр болса нелер болар,
Ғалымдар шарап ішіп, зина қылар,
Дүниеге түрлі-түрлі пәле туар,
Одан артық тағы ғажап кереметтері бар.
Ер мен әйел харабатта шағыр ішкей,
Білер екен, білмес секілді істер еткей,
Дүние ішінде менмін деп кекірейіп жүргей,
Одан артық тағы ғажап кереметтері бар. [4,402].

Осы мазмұндағы Ақырзаман белгісін Зар заман ақыны Дулаттанда кездестіреміз. Дулат ақын:

Ғалымның қылған зинасы,
Залымның қылған кінәсі.[6,26].

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) енді бір хадисінде Ақырзаманның төртінші белгісі ретінде адамдар өмір сүріп отырған қоғамда «әділеттілік пен қабілеттілік жоғалып, харам мен халалға мән берілмейтіндігін» айтады [2,237]. Ал, Сүлеймен Бақырғанидың хикметтерінде былай делінген:

Қырылдық осы дүние қатесіне,
Қарылдық оттай қанша харамына,
Таң атса барар мақұлық сәлеміне,
Мешіт қойып, мақұлық есігін қағар болды.
Ізгілік өшті шапағат кетті,
Күнәнің көптігінен бәле артты,
Харам белең алып, айыбы артты,
Осылайша дін істері өшер болды [4,36].

Бақырғанидың адам бойындағы ізгілік болмауы, харам мен халалға жол бергендігі жайлы өлең жолдары Дулат Бабатайұлының ой-пікірлерімен үндесіп жатыр. Мәселен, Дулат Бабатайұлы «Ер шөгіп, есер ержетті» өлеңінде былай деген:

Аңдығаны жілік боп,
Тілегені бүлік боп,
Момынды сорып сүлік боп,
Арам дауға келгенде,
Жел жетпейтін күлік боп,
Қонақасы бермесе,
Ат-шапанға ілік боп,
Параны көздеп би кетті. [10,62].

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисіндегі Ақырзаманның Кіші белгілерінің бесінші белгісі ретінде балаларының «әке-шешесіне қарсы тұруы және әйелдерге бағыну көбейетіндігі» [2,237] айтылады.

Бұл сияқты этикалық-дидактикалық сарындағы жыр үлгілерін С.Бақырғанидың хикмет-өлеңдерінен көптеп келтіруге болады.

Ұл-қыз тыңдамайды атасын,
Мейірман бауырмашыл анасын,
Еш көңіл дүние үшін ұясын,
Көтеріп ап жанған отқа атар болды. [4,36].

С.Бақырғани әйелдерге бағыну жайында:

Ұят қалмас жүзінде,
Мейір қалмас көзінде,
Шайтан болып әйелдер
Ерлеріне шығар-ә. [4,25].

Дидактикалық-философиялық сарындағы өлең жолдарын XIX ғасырда өмір сүрген Дулат Бабатайұлында да молынан көрініс тапты. «Әкені бала алдады» өлеңінде ақын:

Ұл атадан ұялмас,
Қыз атадан именбес,
Ана қызын тия алмас,
Абыройы жоқ болған соң.[6,22].

Ақырзаманның бесінші белгісі Дулат ақынның «Ер шөгіп, есер ержетті» өлеңінде дәлелді де, айқынырақ көрінеді.

Келемеж қылып атасын,
Алмай ақыл батасын,
Мойнына алмай қатасын,
Шаруа десе жирендеп,
Өсек десе сүйрендеп,
Қымыз аңдып қыдырып,
Бейпіл сөзге сыдырып,

Жаландасып ұл кетті.[10,61].

Күзеке байтал секілді,
Жетекшіл түйе секілді,
Шешесі айтса, кейін деп,
Жеңгесі айтса бейімдеп,
Дамбалын тастап қыз кетті. [10,62].

Жер бетіндегі адамзаттың бұзылып, адам баласының рухани байлығының жойылып, өмірде адамдардың бір-біріне қу болып, қатігездіктің жайлып бар жатқаны Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде ақыр заманның алтыншы белгісі жайлы былай делінген: «Өлшемде және таразыда айлакерлік көбейеді де, әркім бұл айладан наразылығын білдірер күйге келеді [2,237]. Дәл осы Ақырзаман белгілерін біз XII ғасырда өмір сүрген Хакім ата Бақырғанидан кездестіреміз.

Топ-топ бұ халықтар,
Келіп үлес алмайды,
Қулық-сұмдықтан бұ халықтар,
Көз ашуды білмейді.[4,227].

Заманның күйреп, адамдар арасындағы айлакерліктердің көбейіп, адалдық пен әділеттіліктің жойылып бара жатқанын Дулат ақын төмендегідей жырлайды:

Бұ заманғы адамды,
Жалғаншы демей не дейміз,
Аузынан шыққан сөзінің
Баяны жоқ болған соң.
Мына жалған дүниені,
Бір көңіл демей не дейміз.
Алдап барып алады,
Опасы жоқ болған соң.[6,22].

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде ақыр заманның жетінші белгісінде «адам баласына деген сый-құрмет пен мейірімділік тым азаяды да насихаттарға құлақ аспайтын болады» делінген [2,237].

Ақырзаманның осы бір белгісін сопылық-дидактикалық әдебиеттің негізін салушы С.Бақырғанидың хикіметінде мейірімсіздіктің етек жаюы, адамдардың тас бауыр болатынын айтады. Бұл сөзімізге бірнеше мысал келтірейік:

Қиямет келді тағы адам тоймас,
Залымдар пәле көріп пасықтығын қоймас,
Ғалымдар пара алып, көзі тоймас,
Көңілдері тастан бетер қатер болды[4,36].
Айтады үшбу жол-бірлік жолы,
Іші менмендік пен іштарлық толы,
Құрады айла бірлө қулық ауын,
Онымен халықты ауға аулайтынын[4,179].

Ақын Дулат болса:

Бұл заманның жақсысы,
Бірін-бірі көре болмас.
Жетім менен жесірлер,
Бір тыныштық көрмейді.
Бұл заманның достары
Бір-біріне өшпең тең [6,21].

Ақырзаманның сегізінші белгісі ретінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде былай көрсетілген: «қалаларға көшу көбейеді, үйлер биік салына бастайды. Жаман әрі қабілетсіз адамдар сый құрметке бөленеді де, билік соларда болады», - деліген [2,237].

XII ғасырда өмір сүрген Бақырғани өз дәуіріндегі билеушілерді сынға алып, елде қабілетсіз, әрі өз пайдасы үшін отырған билеушілерді жырлайды.

Бақуат болар кәпірлер,
Қызмет қылар пақырлар,

Бір арпа нанына
Имандарын сатар-ә.[4,25].
Алыс-жақын достарым,
Жиылмайды, бүгін-ә
Мүсәпірлер нұрынан
Жарын алындар, бүгін-ә.
Мүсәпірлер сұлтан ол,
Ағар судай рауан ол,
Тән-жан оған құрбан ол,
Көздегені,бүгін-ә.[4,253].

Осы ақырзаман белгілерін XIX ғасыр ақыны Дулаттың өлеңдерінде өз үндестігін тапқан. Дулат заманында төре болған Барақ, Кеңесбай, Сүлеймен сияқтылардың атына арнайы өлең жазып, олардың өз аталарының жолын қумай, керісінше өз елін жұлып жеп жатқанын айтып айыптайды. Ақынның Бараққа деген арнауында екі жүзді, паракор екенің әшкерелеп жырлайды. Бараққа:

Аллаға қарсы хан болдың,
Тентекті сүйреп не құрым.
Азған сені көргенде,
Қайнайды менің зығырым[8,6], – деп оның іс-әрекетіне зығыры қайнап әшкерелейді.
Осы мазмұнды өлең жолдарын «Сөзінің басы бісмелла» деген өлеңінде де кездестіреміз.
Жөн білмеген жамандар,
Ел билеген шақ болды.
Көтере алмас билігін,
Асқан үлкен кер болды.
Ниетіне қазақтың,
Құрылып қойған тор болды[6,25].

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисіндегі сегізінші белгінің бірі қалаларға көшіп, биік үйлер салынатыны мына өлеңдерінде де кездеседі. Дулаттың «Баласына айтқаны» өсиет өлеңінде қалаларға көшуі жайлы айтылады.

Қалаға қарай шұбырып,
Малайлыққа жүрерсің.
Орыстың қорып қорасын
Қабаған ит болып үресің
Паңа болмай далаңда[8,23].
Ал,биік үйлердің салына бастауы жайлы:
Әр нәрсенің болжауы,
Келе жатыр жақындап,
Ағашты тауға үй салып,
Еліңді алды ақылап.[6,26].

Пайғамбарымыздың(с.ғ.с.) хадисінде ақырзаманның оныншы белгісі ретінде «Ысырап көбейеді, дүние мал-мүлікі және мүддесі ахирет бақытынан артық көрілетін күйге түседі», - деп айтылады. Ақырзаманның осы көріністер Сүлеймен Бақырғанида да кездеседі. Хакім ата дүниеқор адамның өмірін күл талқан ететінін сондықтан. Сен дүниеде мәңгі қаламын деп ойлама, сондықтанда дұрыс өміру сүру жайлы айтылады.

Бұл сөзімізге дәлел ретінде мысал келтірсек:
Ей, көңіл діліңді байлама[жалғаншыға]
Көпті көрген дүниеқор.
Қу өлімнің шарбатын
Халыққа ішкізген дүниеқор.
Сен ойлама дүниеде
«Мен мәңгі қаламын» деп,
Нағыз жанатын уақытында
Шырағын өшірген дүниеқор.
Ұлды атадан айырып,

Қызды анадан тағы.
Жылатып әр есікте
Зар еніреткен дүниеқор.
Әуелде әсте білмейді,
Ақырды және тағы.
Әуелі [де] еш, ақыры [да] еш
Бір қаусаған дүниеқор.
Ғазиз құлдар – атаң [мен] анаң
Сенен бұрынғылар қайда?
Барша [жанның]қойнына
Ашналық еткен дүниеқор.[9,168-169].

Сүлеймен Бақырғанидың адамдардың дүниеқорылықтығы және өз мүдделері ахирет бақытынан артық көретіні жайлы ой-пікірлері Дулат Бабатайқлының ойымен ұштасып жатқанын көреміз. Дулат акын:

Сен туған жерді тастадың,
Теріске елді бастадың,
Қаратаудан асқаның,
Арқаға аяқ басқаның –
Түлігі төртеу мал үшін;
Иен жерді мекен етем деп,
Игілікке жетем деп,
Кеншілік сүтін ішем деп,
Ойменен тон пішем деп,
Қара қазан, сары бала,
Кемпір-шалдың қамы үшін; [10,49].

XII ғасырда өмір сүрген ислам дәуірі әдебиетінің алтын қазығы Сүлеймен Бақырғанидың ақырзаман жайлы айтқан философиялық ой-пікірлері араға жеті ғасырдай уақыт салып, XIX ғасырдың тарихын жырлаған қайталанбас акын Дулат Бабатайұлының бізге өсиет етіп қалдырған өлендерінде өз үндестігін тапты. Екі ақында өз өлең-жырларында ақырзаманның үрейлі де, жиіркенішті көріністерін тайға таңба басқандай әсерлі түрде суреттей келіп, сондай сұмдықты болдырмау үшін адамдардың қоғамда игілікті іс істеп, Құдайға құлшылық етуге шақырып, мұсылманның парыздарын орындап, болашақ ұрпаққа саналы тәрбие беріп, еліміз үшін еңбек етуімізге үндейді. Сондықтан біз Алланың ақ жолымен жүріп, ақыл-парасатты, тәрбиелі, білімді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетер ұрпақ болуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
2. Озтүрк Хайретин Дәлел-дәйектерімен Ислам ғылымхалы. Алматы: «Хикмет»баспа үйі, 2011.
3. Құран көрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған Ғ.Ақытұлы, М.Ақытұлы. Алматы 2010.
4. Әдеби жәдігерлер.7-т.:Сүлеймен Бақырғани.Ақырзаман / Құраст.- Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008.
5. Сүйіншәлиев Х. - XIX ғасыр әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы, Ана тілі:1992.
6. XIX ғасыр әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестомотиялық оқу құралы (Құр. Х. Сүйіншәлиев), Алматы, Ана тілі, 1992.
7. Замана сазы: Өлеңдер мен дастандар (Құрапст., Баспаға әзірлеген Қ. Өмірәлиев. – Алматы:Жазушы, - 1991.
8. Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы, т.б. Шығармалары.- Алматы: «Нұралы Press.kz», 2014.
9. Ежелгі дәуір әдебиеті.Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне

арналған хрестоматиялық оқу құралы. (Құраст және өмірбаяндық деректерді жазған А.Құраубаева. Алматы, Ана тілі, 1991.

10. Дулат Бабатайұлы. – Шығармалары. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар (1-кітап); Дулат тағылымы: сын-зерттеулер (2-кітап). Құрастырған Қ.Раев. Алматы: «Раритет», 2003.

Қ.ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жуынтаева З.Н., ф.ғ.к., доцент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Кез келген ғылым саласының бастауында ғасырлар бойы маңыздылығын жоймайтын, уақыт өткен сайын, іздене үңілген сайын келер ұрпақ тың ой, терең пайымдау, жаңа білім табатын ғұмырлық еңбектер болатындығы белгілі. Мұндай еңбектердің қатарына ХХ ғасыр басында-ақ қазақ тіл білімінің негізін қалауға айрықша үлес қосқан аса көрнекті тілші-ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың зерттеулері жатқызылады. Ғалымның синтаксис саласына, оның ішінде сөз тіркесіне қатысты зерттеулерінің де маңызы зор.

Сөз тіркесі сөйлем жасаудың негізгі материалы болып табылады. Жалпы тіл мамандарының арасында сөздердің сабақтаса байланысын сөз тіркесіне жатқызу туралы пікір талас тудырмайды.

«Сөйлемде бір сөз болмай, бірнеше сөз болса, бұл сөздер бір-бірімен қиындасып тұруы керек. Қиынын келтірмей құрастырған сөйлем, не тіпті сөз болмай шығады да немесе айтайын деген сөзін болмай, басқа бірдеме болып шығады...Сөз қиыны келу үшін екі шарт керек:

Алдымен, әр сөзді орны-орнына қою керек, тиісті орны ауысып кетсе де қиыны келмейді.

Екінші, оның үстіне, бір сөзді екінші сөзге байлап беретін жалғаулар бар; соны дұрыс жалғау керек, тиісті жалғауы жалғанбай қалса да, я теріс жалғанса да, сөздің қиыны келмейді» [1, 158] деген пікірден қазіргі тіліміздегі сөздерді байланыстырудың аналитикалық және синтетикалық тәсілдері жайында айтып тұрғаны байқалады. Сөздер аналитикалық тәсіл арқылы байланысқанда, орын тәртібінің қатысы болады. Ал синтетикалық тәсіл арқылы байланысқанда, жалғаулардың қатысы болатыны белгілі.

«Сөздер сөйлем ішінде екі күйде кездеседі: 1.Тура күйде, 2.Бұрма күйде. Тас ұршықтың тесігі деген үш сөздің тас деген біреуі-ақ тура күйде тұр, қалған екеуі: 1.Ұршық-тың 2.Тесігі-і дегендер бұрма күйде. Тура күйінде бұл екеуі ұршық, тесік түрінде болар еді...Сөйлем ішіндегі сөздердің бірде тура күйде, бірде бұрма күйде болатыны – сөздің қиындасуы үшін керек. Жеке тұрған сөздің тек тура күйде болатыны – басқа сөзбен қиындасудың керегі жоқтықтан. Сөйлем ішіндегі сөздер тура күйде тұрып-ақ қиындаса беруі мүмкін. ... Тура сөзден бұрма сөз жасау үшін тура сөзге жалғау жалғау керек. Бұрма сөзден тура сөз жасау үшін жалғауын алып тастау керек» [1, 158-159] деген ғалым көзқарасынан сөздердің орын тәртібі арқылы, яғни жалғаусыз, сондай-ақ жалғаулар арқылы байланысатына назар аударғанын аңғарамыз.

Қ.Жұбанов сөздердің шылаулар арқылы байланыс жасайтындығын да көрсеткен. Мәселен, «Сөз тәртібі мен жалғаудан басқа да сөз-сөзді байланыстырып, қиынын келтіретін бір сөздер бар. Ондай сөздерді жалғауыш дейміз. Жылқы да, сиыр да мал...Осы сияқты үшін, сайын, шейін дегендер де жалғауыш болады» [1, 159].

М.Балақаев та «сөздер өзара тіркесіп барып, біртұтас сөйлем болғанда, олар әр алуан синтаксистік тәсілдер арқылы байланысады. Сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын синтаксистік тәсілдер мыналар: 1.Жалғаулар (септік, тәуелдік, жіктік, көптік). 2.Шылаулар (демеулер, жалғаулықтар). 3.Сөздердің орын тәртібі. 4.Интонация» [2, 43] екендігін айтқан болатын. Осы тәсілдерді Р.Әміров пен Ж.Әміровалар да құптай отырып, «осы амалдарды біз былай топтап атаймыз: қосымшалар синтетикалық тәсілдер деп, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация аналитикалық тәсілдер деп аталады. Осы аталған тәсілдерді қолданып сөз тіркестерін құрауда тілдің қалыптастырған формасы бар. Сөздердің тіркесу формасы 5 түрлі: 1) қиысу, 2) матасу, 3) меңгеру, 4) қабысу, 5) жанасу» [3, 5] деп көрсетеді.

Т.Сайрамбаев сөздердің байланысуының аналитикалық тәсіліне көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы байланысуды жатқызады. Ал аналитикалық-синтетикалық байланысу тәртібі шылаулар, көмекші есімдер, көмекші етістіктер, модаль сөздер арқылы